



20 \_\_\_\_\_ ж. \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_  
Мына  
на № \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
Қ.И. Мұсырманға  
Н.С. Сабильяновқа  
Б.К. Хаменоваға  
Ф.А. Қаратаевқа**

*2017 жылғы 12 қазандағы  
шығыс № ДС-234 хатқа*

### **Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қытайдан келген этникалық қазақтардың тұруға ықтиярхатын сақтау бойынша оларға қатысты Сіздердің сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлайды.

2016 жылғы қарашадан бастап Жамбыл облысы бойынша ҰҚҚД Тараз қаасының ІІБ қызметкерлеріне және басқа да адамдарға қатысты ҰҚТ құру, басшылық ету және қатысу, сондай-ақ заңсыз көші-қон арнасын ұйымдастыру фактісі бойынша қылмыстық істі тергеді.

Ағымдағы жылғы 28 қыркүйекте Тараз қаласының №2 сотының үкімімен полиция қызметкерлері делдалдарымен кінәлі деп танылды және сотталды.

Бұл ретте, тергеу барысында 2015-2016 жылдары ҚХР 251 репатриант азаматына (*этникалық қазақтар*) тұрақты тұру орнына ресімдеу үшін материалдарында қолдан жасалған құжаттар анықталды (*№086 медициналық қорытынды, ҚХР бас консулдығының анықтамасы (АИТВ)*).

Осыған байланысты, ҰҚҚД нұсқауы бойынша этникалық қазақтардың тұруға ықтиярхаттары «Халықтың көші-қоны туралы» Заңға сәйкес жойылды (*49-баптың 10-тармағы, жалған құжаттар не көрінеу жалған мәлімет*), ал репатрианттардың пара беру фактілері бойынша қылмыстық іс материалдары жекелеген өндіріске бөлінді және МҚІжСЖҚІҚ Жамбыл облысы бойынша облыстық департаментіне тергеу үшін жолданды.

МҚІжСЖҚА департаменті 77 репатриантқа қатысты пара беру фактілері бойынша қылмыстық қудалауды қылмыс құрамының болмауына байланысты тоқтатты. Қолған адамдарға қатысты тергеу жалғасуда.

Сонымен бірге, Бас прокуратураның пікірі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет пара алу фактісін тергеумен қатар, репатрианттардың жалған құжаттарды дайындау, пайдалану фактілері бойынша да процестік шешім қабылдауы қажет (*ҚК-нің 385-бабы*).

Осыған байланысты, тұруға ықтиярхатты қалпына келтіру репатрианттарға қатысты соңғы процестік шешімдерді қабылдау кезінде және кейіннен олар белгіленген тәртіпте медициналық тексеруден өткен кезде мүмкін болады.

Осы үшін Жамбыл облысының ІД әкімдікпен бірлесіп, ағымдағы жылғы 9 қазанда 41 репатриантпен кездесу өткізді, оларға тұруға ықтиярхатты қалпына келтіру тәртібін жеткізді.

Өз кезегінде, олар МҚІжСЖҚА Жамбыл облысы бойынша департаментіне қажетті тергеу әрекеттерін жүргізу үшін жолданады. Бұдан әрі медициналық тексеруден өтеді және осы рәсімдерден өткеннен кейін ғана ІІМ-нің «Көші-қон полициясы ақпараттық жүйесі» деректер базасына тиісті түзетулер енгізіледі.

Мәселен, ағымдағы жылғы 24 қазандағы жағдай бойынша Жамбыл облысының ІД ҚҚБ 77 репатриант жүгінді (*16 қазанда – 22 репатриант, 17 қазанда – 10, 18 қазанда – 19, 20 қазанда – 3 және 23 қазанда – 23*).

Барлық жоғарыда көрсетілген азаматтар тұрғылықты жері бойынша тіркеу есебінен шығарылды және барлығына нақты тұру мекенжайлары бойынша кету парақтары берілді.

Үкіметтік емес ұйымдар БАҚ-пен бірлесіп, Abai.kz, Kamshi.kz сайттарына, КТК телеарнасына сәйкес репатрианттарды біріктіру бойынша жоғарыда көрсетілген процеске белсенді мониторинг жүргізді және оралмандардың өздері мәселенің жедел шешілгені үшін алғыстарын білдіруде.

Жалпы, қазіргі уақытта ІІМ өтініштерде баяндалған проблемаларды шешу бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың (*ҰҚК, БП, МҚІжСЖҚА) СІМ, ЕХӘҚМ, ДСМ және Жамбыл облысының әкімдігі*) дәйекті әрекеттерінің алгоритмін пысықтады.

Осы жұмысты ұйымдастыру үшін жүйелі негізде Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі ІІМ-ге мүдделі мемлекеттік органдармен және Жамбыл облысының әкімдігімен бірлесіп, тиісті ведомствоаралық жұмыс тобын құруды тапсырды.

**Құрметпен,**

**Министр**

**Қ. Қасымов**

✉: *Л.Д. Айдашов*

☎: 72-25-16

📧: [Laidaschov@mvd.gov.kz](mailto:Laidaschov@mvd.gov.kz)